



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық
өнер университеті» РММ



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АҒАШ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ


1 нұсқасы:
30.03.2022

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Студенттік парламенттің мақсаттары мен қызметтері	2
3	Студенттік парламенттің құқықтары мен міндеттері	3
4	Студенттік парламенттің құрылымы мен оның жұмыс тәртібі	4
5	Студенттік парламенттің төрағасы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	5
6	Қорытынды ережелер	5

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30. 03.2022
	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Студенттік парламент туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) Студенттік парламентінің негізгі мақсаттарын, қызметін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 қаулысымен бекітілген барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарға.

1.3 Студенттік парламент – Университеттің студенттік өзін-өзі басқаруының тұрақты әрекет ететін, алқалы органы. Оның қызметі білім алушылардың білім беру процесін басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге, студент жастар тіршілігінің маңызды мәселелерін шешуге және әлеуметтік бастамаларды іске асыруға бағытталған.

1.4 Студенттік парламент қатысушылардың еріктілік, жариялылық және тең құқықтылық ұстанымдары негізінде әрекет етеді.


1.5 Студенттік парламенттің жұмысына жалпы басшылықты тәрбие жұмысы жөніндегі проректор іске асырады.

1.6 Студенттік парламенттің жұмысына тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімі тәлімгерлік етеді.

2 СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1 Студенттік парламент қызметінің негізгі мақсаттары:

- Білім алушылардың Университетті басқаруға, білім беру процесін бағалауға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік маңызды студенттік бастамаларды дамыту және қолдау;
- Студент қауымының дәстүрлерін сақтау және дамыту, білім алушылардың азаматтық мәдениеті мен патриоттық сезімін, өмірлік белсенді көзқарасын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуіне, дербестігіне, өз алдына ұйымдастырушылық және даму қабілеттеріне септестік ету;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕП УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30. 03.2022
	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

– Білім алушыларда жалпы мәдени біліктіліктің пайда болуы.


2.2 Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Студенттік парламент келесі қызметтерді іске асырады:

- Университеттің білім беру және оқудан тыс қызметінің негізгі бағыттары және оларды іске асыру тәсілдері бойынша ұсыныстарды білім алушылардың білім алу, ғылыми, мәдени, әлеуметтік, ұйымдастыру және тұрмыстық салалардағы өзекті қажеттіліктерін талдау арқылы олардың мәселелерін ескерумен әзірлейді;
- Университет білім алушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарын қабылдау кезінде олардың пікірін білдіреді;
- Білім алушылардың мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешуге және талдауға, оларды шешудің жолдары мен әдістерін іздеуге септестік етеді;
- Университет басшылығына тәрбиелік үрдісті ұйымдастыру мәселелерін шешуге септестік етеді;
- Университет білім алушыларының азаматтық мәдениеті мен патриоттық сезімін, өмірлік белсенді көзқарасын қалыптастыруға қатысады;
- Білім алушылардың арасында құндылықтар мен өзара құрметтеу дәстүрлерінің сақталуына және дамуына ықпал етеді;
- Университет білім алушыларының тұлғалық және кәсіби қасиеттерін дамытуға және іске асыруға септестік етеді;
- Білім алушылардың Университеттің ғылыми және шығармашылық қызметіне қатысуын ұйымдастырады;
- Білім алушылардың демалысын және бос уақытын, мәдени-бұқаралық іс-шаралар мен конкурстарды өткізуін ұйымдастырады;
- Білім алушылардың оқу және оқудан тыс түрлі салалардағы жетістіктері, оның ішінде, Студенттік парламенттің жұмысына да белсенді қатысқаны үшін ынталандыру жүйесін әзірлеуге қатысады;
- Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі кеңес, тәлімгерлер кеңесі, әлеуметтік-тәртіптік комиссия және т.б. сияқты Университеттің алқалы органдарының жұмысына қатысады.

3 СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Студенттік парламенттің құқығы бар:

3.1.1 Университет білім алушыларының мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізуге.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30. 03.2022
	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

3.1.2 Университет білім алушыларының білім беру, шығармашылық, тәрбие қызметіне, мінез-құлқына, олардың ішкі тәртіп пен Академиялық адалдық ережелерін бұзуына, сондай-ақ тәртіптік жаза шараларын қолдануға қатысты мәселелерді қарау кезінде университеттің алқалы органдарының жұмысына қатысуға.

3.1.3 Университеттің құрылымдық бөлімшелері тарапынан Студенттік парламенттің қызметі үшін ұйымдастырушылық, әдістемелік, техникалық жәрдемді, сондай-ақ, қажетті ақпаратты сұрастыруға және алуға.

3.1.4 Білім алушылардың оқу және оқудан тыс түрлі салалардағы жетістіктері, оның ішінде, Студенттік парламенттің жұмысына да белсенді қатысқаны үшін ынталандыру бойынша ұсыныстарды енгізуге.

3.1.5 Оқу-тәрбиелік үрдісті жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізуге.

3.1.6 Мәдени-бұқаралық іс-шаралар мен конкурстарды жоспарлауға, дайындауға және өткізуге қатысуға.

3.1.7 Студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау үшін білім алушылардың кандидатураларын ұсынуға.

3.2 Студенттік парламент міндетті:

4.2.1 Студенттік парламентке білім алушылардан түсетін барлық өтінімдер мен жүгінулерді уақытылы қарастыруға.

4.2.2 Жұмысты осы Ережеге және Студенттік парламенттің оқу жылына жұмыс жоспарына сәйкес өткізуге.

4.2.3 Білім алушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдауға.

4.2.4 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің және тиісті лауазымдық тұлғаларының алдында белгіленген тәртіпте білім алушылардың мүдделерін танытуға.


4.2.5 Университеттің құрылымдық бөлімшелерін және тиісті лауазымдық тұлғаларын өзінің қызметі мен нәтижелері туралы хабардар етуге.

4 СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰРЫЛУЫ МЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

4.1 Студенттік парламентке сайлау факультеттің білім алушыларының жалпы жиналысында білім алушылардың кемінде, жартысының қатысуында, ашық дауыс беру арқылы іске асырылады. Жиналыс қашықтықтан өткізілуі мүмкін.

4.2 Студенттік парламенттің сандық құрамы әрбір кафедра өкілдерінің (бір өкілден) тең саны бойынша анықталады.

4.3 Сайлауға факультеттің білім алушыларының барлығы қатыса алады (тәртіптік жазасы бар немесе академиялық демалыстағы білім алушылардан басқа).

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30.03.2022
	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

4.4 Студенттік парламентке сайлау оқу жылының басында өткізіледі. Сайлау өтетін күндерді ТЖ және ЖІЖ (тәрбие жұмысы және жастар ісі жөніндегі бөлім белгілейді).

4.5 Студенттік парламент мүшесінің өкілеттігін мезгілінен бұрын тоқтату кезінде оның құрамынан шығатын білім алушы оқитын құрылымдық бөлімшеде кезектен тыс сайлау белгіленеді. Кезектен тыс сайлауды өткізу күнін ТЖ және ЖІЖ-мен (тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімі) мақұлдастыру арқылы факультет деканы белгілейді.

4.6 Студенттік Парламенттің кезекті сайлаудан кейінгі бірінші отырысында оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Студенттік Парламенттің төралқасы: төраға, төрағаның орынбасары, сыртқы істер, ішкі істер, спорт және мәдениет министрлері және баспасөз хатшысы сайланады. Шешім құқықты саналуы үшін Студенттік парламенттің мүшелерінің жалпы санының 2/3 қатысуы қажет.

4.7 Төралқа бір жыл мерзімге таңдалады, бұл ретте төралқа мүшелері университеттегі барлық оқу мерзімінде екі реттен артық сайланбайды.

4.8 Студенттік Парламент пен Төралқаның құрамы Студенттік парламент мүшелері жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

4.9 Студенттік Парламенттің жұмыс жоспары оқу жылына жасалады және оны тәрбие жұмысы жөніндегі проректор бекітеді.

4.10 Студенттік Парламенттің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда Студенттік Парламенттің кезектен тыс отырысы шақырылуы мүмкін.

4.11 Студенттік Парламенттің отырыстарына университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылығы мен өкілдері қатысуы мүмкін.


4.12 Студенттік Парламенттің отырыстары Студенттік Парламенттің баспасөз хатшысы жүргізетін хаттамамен ресімделеді. Отырыс хаттамаларына Студенттік Парламенттің төрағасы мен баспасөз хатшысы қол қояды. Отырыс хаттамалары ТЖ және ЖІЖ-де (тәрбие жұмысы және жастар ісі жөніндегі бөлім) сақталады.

4.13 Егер мүшелердің кемінде, жартысы қатысатын болса, Студенттік парламенттің жиналыстары құқықты саналады. Студенттік парламенттің шешімі жиналысқа қатысушылардың көпшілігінің дауыс беруімен қабылданады.

4.14 Студенттік парламенттің ұсыныстары белгіленген тәртіпте Университеттің басшылығымен қарастырылады.

4.15 Төраға болмаған кезде оның қызметін төрағаның орынбасары орындайды.

5 СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ПЕН ТӨРАЛҚА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30. 03.2022
	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

5.1 Студенттік парламенттің Төрағасы:

5.1.1 Жиналыстарда төрағалық етеді.

5.1.2 Студенттік парламент жиналыстарында күн тәртібінің жобасын енгізеді.

5.1.3 Студенттік парламенттің шешімдерін орындауға бақылауды іске асырады.

5.1.4 Студенттік парламенттің тапсыруы бойынша шешімдерді іске асыруды ұйымдастырады.

5.1.5 Жиналыстардың хаттамаларын бекітеді.

5.1.6 Жыл сайын Студенттік парламенттің алдында қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

5.1.7 Оған берілген өкілеттіктердің шегінде басқа қызметтерді іске асырады.

5.2 Студенттік парламент төрағасының орынбасары:

5.2.1 Студенттік парламент төрағасы болмаған отырыстарда төрағалық етеді.

5.2.2 Студенттік парламент шешімдерінің орындалуы бойынша сыртқы істер, ішкі істер, спорт және мәдениет министрлерінің жұмысына бақылауды жүзеге асырады.

5.2.3 Студенттік парламенттің тапсырмасы бойынша шешімдерді іске асыруға көмектеседі.

5.2.4 Өзіне берілген өкілеттіктер шегінде басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5.3 Студенттік парламент министрлері:

5.3.1 Өздеріне сеніп тапсырылған қызмет бағыты бойынша шешімдердің іске асырылуын ұйымдастырады.

5.3.2 Студенттік парламент отырыстарының күн тәртібі бойынша олардың қызмет салаларына қатысты ұсыныстар енгізеді.

5.3.3 Студенттік парламенттің өз қызметінің бағыты бойынша шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

5.3.4 Олардың қарамағындағы құрылымдардың жұмысын үйлестіреді (клубтар, үйірмелер, факультеттердің жастар комит жөніндегі комитеттері, Қазақстанның жастар ұйымдарының филиалдары және т.б.).

5.3.5 Оларға берілген өкілеттіктер шегінде басқа функцияларды жүзеге асырады.


5.4 Студенттік парламент мүшесінің құқығы бар.

5.4.1 Жалпы жиналыстарға қатысу және кеңесші дауыс құқығымен төралқа отырыстарына қатысу.

5.4.2 Студенттік парламенттің төралқасын сайлау және оған сайлану.

5.4.3 Студенттік парламент пен төралқаның қызметі туралы ақпарат алу.

5.4.4 Университеттің Студенттік парламентінің қызметін жақсарту туралы ұсыныстар енгізу.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30. 03.2022
	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

5.4.5 Студенттік парламент пен университеттің іс-шараларына қатысу.

5.5 Студенттік парламент мүшесі міндетті:

5.5.1 Осы Ережені және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтау.

5.5.2 Студенттік парламенттің қызметіне қатысу.

5.5.3 Студенттік парламенттің отырыстарында (жиналыстарында) қабылданған шешімдерді орындау.

5.5.4 Университетте Студенттік парламенттің беделін арттыруға ықпал ету.

5.5.5 Студенттік парламенттің жалпы жиналыстарына қатысу.

5.6 Тәртіптік жаза алған Студенттік парламент мүшесі тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жұмыстан уақытша шеттетіледі.

5.7 Студенттік парламент мүшесінің өкілеттігі келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

- өзінің тілегі бойынша;
- мүшеліктен алып тастағанда;
- Университеттен оқудан шығарылған жағдайда.

5.8 Студенттік парламенттің мүшесі Студенттік парламенттің төрағасының немесе үш мүшесінен тұратын топтың ынтасы бойынша жиналыста ашық дауыс беру арқылы, көпшіліктің мақұлдап дауыс беруімен Студенттік парламенттің мүшелігінен шығарылуы мүмкін.

5.9 Студенттік парламенттің мүшелігінен шығарылуы туралы талап қою үшін негіздеме болады:

- Студенттік парламенттің жиналыстарына ұдайы қатыспау (үш және одан артық рет);
- Студенттік парламент өткізетін іс-шараларды іске асырудан ұдайы бас тарту.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.